

**Хаттама №5**  
**«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің**  
**Қамқоршылық кеңесінің отырысы.**

07 желтоқсан 2018 жыл

**Күн тәртібі:**

1. 2018 жылға бөлінген бюджеттік қаржылар туралы мәлімет.  
**Поголовкина Виктория Станиславовна -бас бухгалтер.**
2. Балаларды отбасыларға орналастырудың 3 жылғы талдауы.  
**Кудайбергенова Асима Оразовна -әлеуметтік педагог.**
3. Балалар үйі және мектеп: өзара іс-қимылдың тиімді жолдары.  
**Қазбекова Ботагөз Абдрахманқызы –директордың оқу ісі бойынша орынбасары.**
4. Әртүрлі.

**Отырыстың барысы:**

ҚК –нің төрағасы Симчук В. Н.: бүгін Қамқоршылық кеңестің отырысына:

1. Симчук Валерий Николаевич
2. Абулхаирова Гульнар Есеновна
3. Дмитриенко Елена Александровна
3. Мохначев Анатолий Владимирович
4. Жаркимбаева Куралай Талгатовна
6. Жанабекова Сауле Жанатовна қатысып отыр.

**Қатыспағандар:**

1. Акимбекова Балия Доненбаевна, Даутов Айвар Картбаевич, Каиржанова Алма Кыдырбаевна (дәлелді себеппен).

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы:**

-Бүгінгі ҚК-тің отырысында бақылаушы ретінде **Жантаев Ержан Мухамедрахимұлы** – білім саласындағы бақылау Департаментінің бас маманы қатысып отыр.

Сонымен қатар ҚК отырысына шақырылғандар да бар:

- Канатова Рауза Махметқызы – Ақкөл балалар үйінің директоры,
- Казбекова Ботагөз Абдрахманқызы – директордың ОТЖ орынбасары.
- Поголовкина Виктория Станиславовна – аға есепші.
- Кудайбергенова Асима Оразовна – әлеуметтік педагог.

ҚК-тің құрамына 9 адам кіреді олардың 6 қатысуда .

- Барлығында дәлелді себеп, қатыспаушылармен ауызша келісім бойынша отырысты бастауға рұқсат етіңіздер .

1. Бірінші сұрақ бойынша Поголовкина Виктория Станиславовна – аға есепші сөйледі. Виктория Станиславовна жетім балалар мен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 27 шілде 2007 жылғы Қазақстан Республикасының "Білім Туралы" Заңының 4-бабының 11 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген "Қызметкерлерінің Үлгі штаттары" мемлекеттік білім беру ұйымдарының 30 қаңтар 2008 жылғы №77 үлгі штаттары ұйым қызметкерлерінің лауазымдық бірліктері регламенттеледі. Бізде 8 ЖТТ бар, осыған сәйкес бюджеттік қор саналады. (баяндама берілген).

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

- Құрметті Қамқоршылық кеңестің мүшелері, Виктория Станиславовна 2018 жылға бөлінген бюджеттік қаржылар туралы мәлімет нәтижесімен таныстырды. Нәтижелері айтарлықтай. Кімде қандай сұрақ бар?

- Егер сұрақ болмаса, екінші сұраққа көшуге рұқсат етіңіздер. Балаларды отбасыларға орналастырудың 3 жылғы талдауын Кудайбергенова Асима Оразовна -әлеуметтік педагог жасайды. (Баяндама берілген).

- Баяндамадан біз балалар үйінде жоспарлы түрде тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізілетінін көрдік. Тәрбиеленушілер өз қалаулары бойынша өздеріне жанұя таңдай алады. Аталған сұрақ бойынша кімде қандай сұрақ болады?

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: үшінші сұрақ «Балалар үйі және мектеп: өзара іс-қимылдың тиімді жолдары» атты тақырыпмен сөз Казбекова Ботагөз Абдрахманқызы –директордың оқу ісі бойынша орынбасарына беріледі. Ботагөз Абдрахмановна отырысқа қатысушыларды мектеппен өзара іс-қимылдың тиімді жолдарымен таныстырды. (баяндама берілген).

4.Әртүрлі.

Көтерілген сұрақтар бойынша барлық ҚК-нің мүшелері өз ойларымен бөлісті.

Рауза Махметовна өз ойымен бөлісе отырып, қайырымдылық қоры есебінен 300 мың тенге көлемінде ақшаны балалар үйінің балалақшасын қайта жоспарлап жасауға сұрады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

- Барлық сұрақтар қарастырылды. Отырыстың шешімін шығару керек.

**Отырыстың шешімі:**

1. Бірінші сұрақ есепке алынсын.

2. Тәрбиеленушілерді оқыта отырып, отбасында тұруға даярлық жұмыстарын жүргізу, ересектер мен балалардың қарым-қатынасының тиімді нысандары және өзара іс-қимылы туралы даярлау жұмыстарын жүргізуі;

- қорғаншы және қамқоршы органдарымен бірлесе отырып қабылдаушы отбасылармен жұмыс істелсін.

3. Балалар үйінің тәрбиеленушілері оқитын мектеп әкімшілігі және педагогикалық ұжыммен білім беру процесін басқаруды тығыз ынтымақтастықта жалғастыру.

4. Балалар үйінің балабақшасын қайта жоспарлау үшін балалар үйінің қайырымдылық шотынан 300 мың тенге бөлінсін.

Төрағасы:  В. Симчук

Хатшысы:  Б. Казбекова